


2017 жылдың 5-11 қыркүйек аралығында №6 Хромтау гимназиясында «Отбасы-рухани жаңғыру негізі» ұранымен өткен «Отбасы-бақыт мекені» атты апталықтың анықтамасы

2 қыркүйек күні «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» тақырыбынды жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыс барысында елбасының мақаласымен, жаңа оқу жылындағы жаңалықтармен таныстырылды.



5 қыркүйек күні апталықтың ашылуы аптылық жиында хабарланып, жоспарымен таныстырылды.

6 қыркүйек күні 1-2 сынып білім алушыларының «Біз-бақытты отбасымыз» тақырыбында суреттер көрмесі қойылды.



7 қыркүйек күні 5-7 сынып білім алушылары арасында «Менің отбасым» тақырыбында фото суреттер байқауы болып өтті. Байқауға сыныптар жақсы дайындықпен қатысты. Нәтижесінде I орын- 7а сыныбы, II орынға-5а сыныбы, III орынға -7ә,5б сыныптары иеленеп, гимназия директорының алғыс хаттарымен марапатталды.



8 қыркүйек күні жасөспірімдердің отбасы туралы көзқарастарымен пікірлерін біле отырып, отбасындағы жасөспірімнің алатын орны, жасөспірім дамуындағы отбасының әсер ету факторлары туралы тереңірек түсінік беру, отбасылық құндылықтарды жасөспірім бойында жағымды түрде дамытуға, өзін отбасының «керекті», маңызды тұлға ретінде сезіне білуіне бағыт бағдар беру мақсатында 8-9 сынып білім алушыларымен «Отбасыдан қымбат не болуы мүмкін» тақырыбында пікірталас болып өтті. Пікірталас барысында «Креативті таныстыру» психотехникалық жаттығуы, «Отбасынан қымбат не болуы мүмкін?» шағын дәріс, «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесі, «Ашық микрофон» ашық алаңы бөлімдерінен тұрды.



9 қыркүйек күні 3-4 сынып білім алушылары арасында «Салауатты өмір салты – ұлт денсаулығының кілті» атты отбасылық спорттық іс-шара болып өтті.





Сонымен қатар апта барысында барлық сыныптарда отбасы күніне орай «Отбасы- рухани жаңғыру негізі» тақырыбы бойынша сынып сағаттары өткізілді.



Денсаулық күніне орай аудандық денсаулық фестиваліне қатысып №6 Хромтау гимназиясының атынан қатысқан Амантаевтар отбасы жүлделі I орынға ие болды.



«Үздік ата-аналар кеңесі» байқауының нәтижесі бойынша I орынға -7ә, II орынға -3ә, III орынға -2а сыныбының ата-аналар кеңесі иеленді.

Орындаған: Жасаганбергенова Б